

## Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 23 сәуірдегі № 42 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ Кеден кодексінің 8-бабы 2-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссиясының Алқасы **шешті**:

1. Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі "Кеден құжаттарын толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштар туралы" № 378 шешіміне тіркелген қосымшаға сәйкес өзгерістер (бұдан әрі – өзгерістер) енгізілсін.

2. Осы шешім ол ресми жарияланған күннен бастап өзгерістердің 2-тармағының "а" тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын және 4-тармағын қоспағанда күнтізбелік 30 күн аяқталғаннан кейін күшіне енеді.

Өзгерістердің 2-тармағының "а" тармақшасының екінші және үшінші абзацтары осы шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ бір жағынан Еуразиялық экономикалық одақ пен оның мүше мемлекеттері мен екінші жағынан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда туралы 2023 жылғы 25 желтоқсандағы Келісім күшіне енген күннен ерте емес күшіне енеді.

Өзгерістердің 4-тармағы 2025 жылғы 31 наурыздан бастап күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының төрағасы*

*Б. Сағынтаев*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2024 жылғы 23 сәуірдегі  
№ 42 шешіміне  
ҚОСЫМША

## Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Тауарларды өткізу ерекшеліктерінің сыныптауышына (2-қосымша):

а) 139 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен

толықтырылсын:

"140	Еуразиялық экономикалық одақ Кеден кодексінің 243-бабы 2-тармағының 3-тармақшасында көрсетілген, оларға қатысты бажсыз сауданың кедендік рәсімінің қолданылуы Еуразиялық экономикалық одақ Кеден кодексінің 246-бабының 2-тармағына сәйкес оларды ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастыру жолымен аяқталатын тұлғаларға бажсыз сауда дүкендерінде өткізілген шетелдік тауарлар
------	--

141	Оларға қатысты бажсыз сауданың кедендік рәсімі мынадай жолдармен аяқталатын шетелдік тауарлар Еуразиялық экономикалық одақ Кеден кодексінің 246 бабы 4 тармағының 1 тармақшасына сәйкес оларды ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастыру";
-----	--

б) 205 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"206	Медициналық және өзге де мақсаттағы радиоактивті изотоптар, олардың қорытпалары, қосылыстары мен қоспалары, сондай-ақ жоғарыда сипатталғандардың кез келгені бар, жартылай ыдырау кезеңі 10 күннен аз өнімдер немесе құрылғылар (қысқа өмір сүретін изотоптар) (Ресей Федерациясы үшін)".
------	---

2. Кедендік төлемдерді төлеу бойынша жеңілдіктер сыныптауышында (7-қосымша):

а) 1.1 кіші бөлімде:

ИР коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оның мүше мемлекеттері мен екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда туралы 2023 жылғы 25 желтоқсандағы келісімге сәйкес Иран Ислам Республикасынан шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларға қатысты тарифтік преференция	ИЕ";
---	------

ҚР коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"Ет өнімдерін өндіруде пайдалануға арналған ірі кара малдың етіне қатысты кедендік әкелу бажын ГМ";  
төлеуден босату

б) 3.2-кіші бөлім мынадай мазмұндағы 3.2.4-тармақпен толықтырылсын:

<b>"3.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген кедендік әкету баждарын төлеу бойынша жеңілдіктер</b>	
Кедендік әкету бажын төлеуден босату жер қойнауын пайдаланушылар Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жасалған күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарттар бойынша өздері өндірген шикі мұнайды әкеткен кезде (күрделі теңіз жобалары мен құрлықтағы газ жобалары бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт бойынша)	КП
Жер қойнауын пайдаланушылар Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жасалған күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарттар бойынша өндірген шикі мұнайды (	СП";

кұрлықтағы күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт бойынша) әкету кезінде кедендік әкету бажын төлеуден босату)
---

в) 4.4-кіші бөлімнің 4.4.1-тармағында Л Д коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"Ресей Федерациясына әкелінетін күнбағыс және жүгері тұқымдарына қатысты 10% ҚҚС ЛО".  
мөлшерлемесін қолдану

3. Құжаттар мен мәліметтер түрлерінің сыныптауышында (8-қосымша):

а) 7 бөлім 07041 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"07042	Кедендік қолхат (Ресей Федерациясы үшін);
--------	---

б) 9 бөлім 09056 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"09057	Адамды электрондық сауда операторларының тізіліміне енгізу туралы куәландыратын құжат немесе электрондық сауда операторларының тізіліміндегі тұлғаның тіркеу нөмірі".
--------	---

4. Валюта сыныптауышында (23-қосымша) 532 коды бар позиция мынадай редакцияда жазылсын:

"532	XCG	Кариб гульдені".
------	-----	------------------